

**Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 22 желтоқсан N 1447. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.12.01. N 1219 қаулысымен. ~P981219

Өртүрлі меншік нысанындағы ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне қаржылық қолдау көрсету және олардың қызметін сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

жанынан дербес заңды ұйым құқында ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қоры құрылсын.

2.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.11.17. N 1590 қаулысымен.

P971590\_

3. Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қорына және басқа да көздерден түскен мемлекеттік бюджет қаржылары бағытталады деп белгіленсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1029 қаулысымен.

P961029\_

4.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.07.11. N 1097 қаулысымен.

P971097\_

5. Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қорына:

тәуелсіз аудиторлық фирмаларды тартып Қордың қаржысын мақсатты пайдалану шарттарын сақтау жөнінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тексеру, сауықтыруға жататын кәсіпорындардың қаржылық жай-күйін зерделеу;

барлық меншік нысанындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан және олардың қарызгерлерінен, мемлекеттік басқару және статистика органдарынан, қаржы және кредит мекемелерінен қажетті ақпарат пен есептер алу құқы берілсін

6. Үкіметтің бұрын қабылдаған шешімдері бойынша орталықтандырылған кредит ресурстарының есебінен берілген және қайтарылуы қамтамасыз етілмеген мерзімі өткен кредиттері бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің берешегі Қорды құру кезінде Қор Кеңесінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Ұлттық Банкімен келісуі бойынша, белгіленген тәртіпке сәйкес, ауыл шаруашылығын қолдаудың Мемлекеттік қорына беріледі деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының АУЫЛ шаруашылығы министрлігі ауыл

шаруашылығын қаржылық қолданудың Мемлекеттік қорымен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қордың шығындары мен берешектік жай-күйі туралы есептіліктің неғұрлым жетілдірілген нысанын жүргізсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы 7-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1029 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 1447 қаулысымен

Бекітілген

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың  
Мемлекеттік қоры туралы  
ЕРЕЖЕ

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қоры /бұдан әрі- Қор/ туралы Ереже 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл жоспары сәйкес әзірленіп және әртүрлі меншік нысанындағы ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне қаржылық қолдаудың қалыптастыру мен беру тәртібін айқындайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1029 қаулысымен.

1. Қор ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қаржылық сауықтыру жүргізу мен ауыл шаруашылығы дамыту бағдарламаларының орындалуын жағдай жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдігі берілген мемлекеттік орган болып табылады.

Қорды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындаған президент басқарады.

2. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1029 қаулысымен.

3. Қор заңды ұйым болып табылады, осы Ережемен белгіленген құқықтарды пайдаланады, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз қызметіне байланысты міндеттерді орындайды. Қордың дербес балансы, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған дөңгелек мөрі, Қазагроөнеркәсіпбанкінің операциялық басқармасында ашылған валюталығын қоса алғанда, есепшоты бар.

4. Қордың негізгі міндеттері:

ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне қаржылық қолдау көрсету үшін бюджеттік, бюджеттен тыс, валюталық және басқа қаржыларды жинақтау;  
қаржы міндеттемелерін есепке алу және оларды ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өтеу тәртібін айқындау;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің орталықтандырылған және директивті кредиттер Қорға жатқызылған берешектеріне есеп жүргізу және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету. <\*>

(5-11-абзацтар) <\*>

1997 жылдан бастап мынадай бағыттарды:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірленген басымдықты технологиялар мен жобаларды игерудің негізінде ауыл шаруашылығының жекелеген салаларын дамытудың республикалық мақсатты бағдарламаларын конкурстық принциптерде;

ауыл шаруашылығы секторында жекешелендіру кезеңінде жүргізілген құрылымдық қайта құруларға қаржылық қолдау көрсетуді;

шаруа (фермерлік) қожалықтарын қоса есептегендегі шағын және орташа агробизнестің қалыптасуына қаржылық көмек көрсетуді;

мал тұқымын асылдандыру ісін, тұқым шаруашылығын дамыту, жануарларды мал дәрігерлік қорғау жөніндегі шараларға мемлекеттік қолдау көрсетуді қаржыландыру жүзеге асырылсын.

Қордың қаражаттары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді тікелей дотациялауға бағытталмайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақта 4-абзац жаңа редакцияда берілді,

5-11-абзацтар алынып тасталды және жаңа тараумен

толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.20.N 1029 қаулысымен.

5. Операциялық шығындарға бағытталған қаржылардан басқа ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінген мемлекеттік бюджет қаржылары; ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіруден алынған қаржылар;

<\*>

<\*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 3 және 4 абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1029 қаулысымен. P961029\_

6. Қордан қаржыландыру Қор Кеңесі белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің төлем жасау қабілетін қалыпқа келтіру мен тиімді шаруашылық қызметін қолдауды; мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау мен жою кезінде олардың мүлкін сатудан түскен қаржының жетімсіздігіне байланысты шығындардың орнын толтыруды көздейді.

7. 4-тармақта аталған шараларды қаржыландыру Қор мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушісінің арасында жасалған шартқа сәйкес қайтарылатын және қайтарылмайтын негізде жүргізіледі. Қордың қаржысын пайдаланудан алған проценттер оны толықтыруға бағытталады.

8. Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға мемлекеттік қаржылық қолдау жасауға:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен шаруашылық жүргізуші субъектілердің төлем қабілетін қалпына келтіру жөніндегі шаралары кіретін қаржылық сауықтыру жоспарының /бизнес-жоспар/ болуы; <\*>

Шығынды мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау мен жою жөніндегі республикалық ведомствоаралық комиссияның шешімі негіз болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1029 қаулысымен.

9. Қор:

үкімет шешімдері бойынша орталықтандырылған кредит ресурстары бойынша берілген және қайтарылуы қамтамасыз етілмеген кредиттер бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің берешегін; берешектің көлемі және оны қайтарудың шарттары белгіленген тәртіпке сәйкес айқындалады;

үкіметтің шешімдерімен берілген, Қазагроөнеркәсіпбанкі мен орталықтандырылған кредит ресурстары бойынша негізінен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қызмет көрсететін басқа да банктердің проценттерін, айыппұлдарын, олар бойынша өсімдерін қоса алғандағы мерзімі өткен берешегін өз балансына алады.

10. Қор:

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің берешектік жай-күйін бақылауды жүзеге асыру, қарыздарды өндіріп алу жөніндегі тәртіпті айқындау және қолданылып жүрген заңдардың шеңберінде шаралар қолдану;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен және олардың борышқорларынан қажетті ақпараттар мен есеп берулер алу;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қызметіне және қордан бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына аудиторлық тексерулер белгілеу құқықтарына ие болады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1029 қаулысымен.

11. 4-тармақта аталған шараларды қаржыландыру үшін бөлінген қордың қаржысын мақсатсыз және тиімсіз пайдаланғаны, қарыздық міндеттемелерін жабу кестесін орындамаушылығы, сондай-ақ алға қойған мақсаттарға жету мүмкіншілігі жоқтығы анықталған кезде Қор осы әрекеттерімен жол берілген зияндар жөнінде шаралар қолданылады. <\*>

<\*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1029 қаулысымен.

12. Қордың қызметіне басшылықты құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің екі өкілі, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазагроөнеркәсіпбанкінің, "ҚазАгро" Қазақстан фермерлерінің ұлттық федерациясының, Қазақстанның Аграрлық одағының, Қазақстан Республикасы Ғылыми министрлігі - Ғылыми академиясының бір-бірден өкілдері кіретін Республикалық ведомствоаралық кеңес жүзеге асырады; <\*>

Қор кеңесін төраға басқарады, ол сонымен бірге Қордың проценті болып саналады. Кеңестің мүшелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <\*>

Кеңес жылға жасалған жоспар бойынша жұмыс істейді. Жоспарлардың жобалары Кеңестің мәжілістерінде бекітіледі, олар қажеттігіне қарай жүргізіледі.

Қор кеңесі:

Қордың қаржыларының негізгі бағыттары мен бөлу шарттарын айқындап, шығындар сметасын бекітеді;

нақты ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қайтарылатын және қайтарылмайтын негізде көмек көрсету мәселелерін шешеді, оның қайтарылу мерзімін және пайдаланғаны үшін проценттік ставкасының мөлшерін белгілейді.

Қорды қалыптастыру көздері бойынша қаржылардың дер уақытында және толық түсуіне, сондай-ақ бөлінген қаржылардың мақсатты пайдаланылуына және қайтуына бақылау жасайды;

жүзеге асырылған шараларды Қор есепке алған қаржылық қамтамасыз ету көлемінде берешектерді өтеу көздері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді; <\*>

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша қаржылық көмек көрсетуге бағытталған қаржыны қалыптастыру мен пайдалану тәртібін белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1029 қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау Қоры кеңесі шешімінің күшін жою құқы беріледі.

14. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппараты Қордың атқарушы органы болып табылады; нақты орындаушыларды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілейді.

15. Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қоры Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің алдында өз қызметі туралы тоқсан сайын

есеп беріп отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК